



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк жүргізген макроэкономикалық сауалнаманың нәтижесі туралы

2024 жыл, 11 қаңтар

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген макроэкономикалық [сауалнаманың нәтижесін](#) жариялады.

Сауалнамаға Қазақстан аумағында макроэкономикалық көрсеткіштерді талдаумен және болжаумен айналысатын [10 ұйым қатысты](#). Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар мен рейтингтік агенттіктер кіреді.

**Макроэкономикалық сауалнамаға Ұлттық Банктің болжамдары кірмейтінін** атап өткен жөн. Онда ішкі және әлемдік нарықтардағы ахуалдың дамуына қатысты нарықтағы кәсіби қатысушылардың дербес пікірлеріне, бағалаулары мен күтулеріне шолу жасалған.

Қаңтарда респонденттер 2024 және 2025 жылдарға арналған күтулерін жаңартып, болжамды кезеңді 2026 жылға дейін кеңейтті. Осылайша, 2024-2025 жж. арналған **мұнай бағасы** бойынша сценарий шарттары айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Респонденттердің медианалық күтулері бойынша Brent маркалы мұнайдың бағасы бүкіл болжамды кезеңде орта есеппен баррель үшін **80 АҚШ доллары** деңгейінде қалыптасатын болады. Қазақстан экономикасының өсіміне қатысты 2024-2025 жж. арналған болжамдары, сәйкесінше, **4,5%** және **5%** деңгейінде сақталды. 2026 жылы ЖІӨ **4,2%**-ға өседі деп күтілуде.

Сарапшылар инфляция бойынша 2024 жылға арналған болжамын 8%-дан **7,5%**-ға дейін біршама жақсартты. Ал, 2025 жылға арналған болжам аса өзгерген жоқ – **6,9%** (алдыңғы болжам – 7%). Болжамды кезеңнің соңына қарай респонденттер инфляцияның **5,8%**-ға дейін баяулауын күтеді.

Респонденттер 2024 жылға арналған базалық мөлшерлеме бойынша күтулерді орташа жылдық 12%-дан **13,5%**-ға дейін көтерді. 2025 жылға арналған мөлшерлеме болжамдары **10%** деңгейінде сақталды. 2026 жылы респонденттер базалық мөлшерлеменің айтарлықтай төмендеуін күтпейді. Сөйтіп ол болжам **9%**-ды құрады.

Толығырақ: [nationalbank.kz/kz/news/macrosurvey](https://nationalbank.kz/kz/news/macrosurvey)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](https://www.nationalbank.kz)